

**«№ 13 жалпы орта білім беретін» КММ - сі бойынша мектептегі тамақтануды
ұйымдастырудың сапасын зерделеу қорытындысы**

Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 11 қарашадағы №06-01-06-02-4/1170 хаты негізінде мектептегі тамақтануды ұйымдастырудың сапасын зерделеу бойынша 2021 жылдың 17 қараша күні бракераж комиссиясы және 24 қараша күні қамқоршылық кеңестерімен зерделеу жұмыстары жүргізілді. Комиссияның мақсаты мектеп асханасындағы дайын тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясына, мектеп асханасының талапқа сай жасауын қадағалау. Мектеп асханасы 2-ші қабатта орналасқан. Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарының 56 тармақ, 63 тармақшасы негізінде терезелеріне москит торлары орналастырылған. Мектеп асханасы білім алушылардың жеке тазалығын қамтамасыз ету үшін 3 раковина, 3 қол кептіргіш орнатылған, ас залында ас ішетін үстел, орындықтар саны бала санына жеткілікті, қабырғаларға стенділермен жабдықталған, 2021-2022 оқу жылына жасалған ас мәзірі, оқушылардың тамақтану кестесі ілінген.

Азық - түлік блогының құрамына кіретіндер: ыстық цех аймақтары (тарату, дайындау, асханалық ыдыс-аяқ жуатын, құрғақ азық-түліктердің қоймасы, көкініс қоймасы) таза талапқа сай.

Технологиялық және тоңазытқыш жабдықтары қамтылған: 2-электр плиткалар, дайын тамақты ысытып тұратын мармит, микроволновка, тұрмыстық тоңазытқыштар, мұздатқыш камералары, нан сақтау кәрзеңкесі, азық - түліктерді өлшейтін таразы барлығы жұмыс істейді. Өндірістік үстелдер, тұрайтын тақталардың барлығы маркировка белгілері белгіленген.

Білім алушылардың тамақтануын ЖК «Мамбетова А.Д.» жалға алушы орындайды. Жалға алынған асхана қызметкерлермен қамтамасыз етілген (аспазшы, аспаздың көмекшісі). Асханалық ыдыс-аяқпен, құралдармен қамтамасыз етілген. Асхана жұмыскерлері медициналық бақылаудан өткен, санитарлық кітапшалары бар. Ас блогының жұмыскерлері, техникалық персонал арнайы киіммен (халат немесе шалбар, бас киім, аяқ киім) қамтамасыз етілген.

Мектеп асханасында 380 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Тегін тамақпен қамтылған балаларға күнделікті асханадан берілген ыстық тағамдары талапқа сай, ас мәзіріне сай дайындалған. Күн сайын мектеп қызметкері тағамдардың дәмін татып және нәтижелерін бракераждық журналға тіркейді. Зерделеу барысында келіп түскен тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі сертификатпен салыстырылып қаралды.

Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы үнемі қадағалауда болады.

Мектеп директоры:

Танатарова М.А.

Әлеуметтік педагог:

Утарғалиева Г.Ж

